

1920-1930 жылдардағы Қарсақпай мыс қорыту зауыты

Бабырбек А.М. Ги-43 тобының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: т.ғ.д, профессор Жауымбаев С.Ұ.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.

Қарағанды қ.

Қазақстанның алғашқы ауыр кәсіптерінің бірі – Қарсақпай мыс камбинаты Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің кеңестер кезіндегі оның салынуы туралы қаулысы шыққан күнінен жұмыс атқарды.

1925 жылы 10 маусымда Еңбек және Қорғаныс Кеңесі түсті металдардың Атбасар трестін ұйымдастыру туралы шешім қабылдады. Оған Қарсақпай комбинатының құрылысы мен оны іске қосу міндеті жүктелді. Атбасар мыс өнеркәсібі атымен белгілі болған бұл кәсіп орындар 1907-1919 жылдар аралығында Лондонға бағынған ағылшын концессиялық компаниясы Атбасар мыс кеніне тиесілі болды. Оның құрамына Жезқазған мыс кені, Байқоңыр құба кені мен байыту фабрикасы бар Қарсақпай мыс балқыту заводы кірді[3].

Жекеленген нысандар ұзындығы 120 км. тарқалыптық темір жолмен байланысуы керек еді. Ағылшындар мыс балқыту заводының өндірістік қуатын жылына 5000 тонна мыс деп бағалады. Алғашқы кен орташа есеппен мыстың 10 %-ын қамтуы тиіс еді.

Ағылшындардың аса бай кен орындарына бағдар алуы бекерден емес еді. Басшылар алғашқы жылдары завод пен кен орындарын барынша пайдалану арқылы негізгі табыс алуды көздеді, ал одан соң кең жарнамаланған акциялардың сату биржасы ақылы табыс табымыз деп ойлады.

Зауыт ағылшын-концессионерлер революциясына дейін салынған болатын. Зауытқа арналған құрылғы Жусалы бекетінен жиырма киллометрлік аудармалы тарсызықтық темір жол арқылы тасымалданды. Зауытқа арналған құрылғы жұмыскерлердің күшін аяусыз пайдалануға есептелген ескі және атам заманғы еді.

Жұмыскерлердің өмірі қиын болды. Күніне 10-16 сағат жұмыс істеп, нанға да жетпейтін бақыр тиын алған жұмысшылар үшін революцияға дейін жақсылық нышаны болған жоқ. Қанаушы ағылшын капиталистері табыс қуып жұмысшылардың бар шырынын сорып, күштерін сарықты.

Осындай саудагерлік амал негізінде кен орны аяусыз қанаушылық өңдеуге душар болғаны айтпасақ та белгілі. Ағылшындардың аса бай кен орындарына бағдары Жезқазғанда тау-кен даярлық жұмыстарын жүргізуге мәжбүрледі. Жалпы тереңдігі 740 метр тоғыз шахта мен ұзындығы 370 метр қуақаздар жүргізілді. Нәтижесінде металдың орташа мөшері 13 % металлды қамтитын 19600 т мыс алынуға даярланды. Сонымен қатар ағылшындар әжептәуір ауқымды шолу жұмыстарын жүргізді[1].

Ағылшындар Байқоңыр көмір кені орында 12 ұсақ шахталар мен қуақаздар жүргізді. Нәтижесінде 179-600 т көмір алынуға даярланды. Өндірістің басқа да буындары – металлургиялық завод, байыту фабрикасы, энергетикалық шаруашылық, темір жол, т.б. – құрылыстың алғашқы кезеңінде ғана қалдырылды.

Кенестік мемлекет ұйымдастырған Атбасар трестіне ағылшындардың технологиялық есептерін тексеріп, комбинат құрылысының жобасын құру, бәрінен бұрын сенімді көлікті реттеу, барлықбуындарды 1928 ж. комбинаттың пайдалануға берілуін қамтамасыз ететіндей ұйымдастыру міндеттері жүтелді.

Қазақстан мен Кеңестер ұйымының үкіметтері Орталық Қазақстанда Қарсақпай комбинатының құрылысының экономикалық және саяси маңыздылығы мен Қазақстанның орталық бөлігіндегі ауыр өнеркәсібіне тән қиындықтарды ескерді. 1925 ж. 24 қазанда жазылған Кеңестің ХШЖК-нің Қазақстанның Халық комиссарлар кеңесіне жолдаған хаты бұған дәлел бола алады. Бұл хатта магистральдік жолдан алыс орналасқан Орталық Қазақстанда өндірістік орталықты құруда Қазақстан үкіметі мен Кеңестер ХШЖК бірлесіп ат салысуы керек деп көрселеді.

Хатта кадрлар туралы былай деп айтылған: «кәсіпорында тек орыс жұмысшылары ғана жұмыс істесе, бұл үлкен саяси, шаруашылық және жалпы мәдени қателік болушы еді. Қайткенмен де қазақ жұмысшыларының ошағын құруға қол жеткізу керек. Бұл ошақ өндірісі кәсіпорынның нығаюымен бірге ұлғаюы тиіс» [2].

Қарсақпай комбинаты ашылғанға дейін олар тұрғылықты тұрғындардан шыққан білікті жұмыс күшінің негізі болып, комбинат құрылысы кезінде басқа да қазақ жұмысшыларын даярлау үшін ХШЖК қазақ жұмысшыларын мемлекеттің басқа да заводтарында оқытуға кеңес берді.

Дәл осы хатта Қазақстан үкіметіне «үлкен өндірістік орталық құруда тасмалдаудың қиын жағдайы, жақын жерде ауылшаруашылық заводуның болмауы сияқты қиындықтарға» кездесетіні айтылды.

Сондай-ақ хатта «ең жақын деген темір жол бекетінен 350 шақырым, қаладан 500 шақырым қашықтықта орналасқан кәсіпорын көлік пен байланыс орнатуды қажет ететіндігі» көрсетілді. Осы ойды дамыта отыра, ХШЖК 1926 ж. 26 наурызда жазылған өзінің келесі хатында «Қазақстанда темір жол құрылысының жобасы өңірдің тау-кен және металлургиялық дамуы жоспарымен бірге қарастырылуы керек» деп жазды.

ХШЖК хатын Қазақстан үкіметі есепке алды. 1927 жылдың басында Қарсақпай ауданының экономикалық және мәдени өмірін көтеруге бағытталған іс-шаралар Қазақстанның Халық комиссарлар кеңесінің арнайы мәжілісінде қаралып, қабылданды.

Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің шешімінен шамамен бір айға жетпей Қарсақпайда үкіметпен арнайы құрылған техникалық штаб орналасты. Оған болашақ құрылыс орнының жағдайын зерттеу міндеттелді.

Құрылыстың алғашқы кезеңдерінің сипатын бір мақалада жеткізу мүмкін емес. Орталық Қазақстанның ауыр өнеркәсібіндегі алғашқы құрылыс тарихы арнайы монография нысаны бола алады. Ал біз құрылыстың тек маңызды кездеріне ғана тоқталамыз.

1925-1926 жж. Жусалы мен Қарсақпай арасындағы тасмалдық байланыс жүргізілі, Жезқазған кендерін ең жақсы шетел фирмаларында: «Минерал Сиерейшин» (Англия), «Дженераль Инженеринг» (Америка), «Экоф» (Германия), Кеңес ішінде «Механобре» (Ленинград), Тау-кен академиясында (Москва) флотерлену жағдайын анықтауға бағытталған зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Осы жылы Байқандор құбасы қайта жандандырылды, Қарсақпай – Байқандор темір жолының құрылысы мен Қарсақпай бөгетінің жөндеуі аяқталды[4].

1927 жылы тұрғын үй құрылысы жүргізілді. Қарсақпайда техникалық, темір жол және аурухана қалашықтары салынды, Жезқазған кендері қайта жандандырылды, Жезқазған – Қарсақпай темір жолы салынып бітті, металлургиялық завод, байыту фабрикалары мен энергетикалық шаруашылық құрылыстарын құрастыру жүзеге асты.

1928 жылы металлургиялық завод пен байыту фабрикасының энергетикалық шаруашылық құрылысы аяқталды.

1929 ж. маусымда Қарсақпайда Кеңестегі ең бірінші флотерленген байыту фабрикасы пайдалануға берілді (бұған дейін завод 1928 жылы Қазан мерекелерінде іске қосылған, бай шикі кенмен жұмыс істеген). Осыдан бастап зауыт қалыпты жұмыс жасай бастап, жыл сайын мыс балқытуды арттырып отырды. Сталиндік бесжылдық жылдары Қарсақпай зауыты реконструкцияланды. Қазір зауытта соңғы технология бойынша салынған екінші шағылдырғыштық пеш орнатылған. Қайта қалпына келтірілген және байытылған фабриканың бірінші шағылдырғыштық пешінің жұмысы жетілдірілді, жаңартылған зауыттың қалыпты жұмысына керек су қорын жасайтын жаңа қуатты платинаның құрылысы аяқталуда[3].

Атбасар түсті металлургиясы трестінің басшылығымен, ХШЖК мен Қазақстан үкіметінің қолдауымен Қарсақпай заводу белгіленген уақытта пайдалануға берілді.

Комбинат іске қосқылған уақыттан (1930) 2-3 жылдан кейін негізгі өндірістік цехтер өздерінің жобалық қуатын тоқтатты.

Құрылыс кезінде жеткен табыстар мен комбинаттың игерілуі кезіндегі табыстар да инженерлік-техникалық жұмысшылардың адалдығы мен жұмысқа деген белсенділіктері негізінде жүзеге асты.

Кейінгі жылдары комбинат алғашқы игеру жылдарындағыда табысқа жеткен жоқ. 1931 жылдан бастап осы күнге дейін (1933, маусым) комбинат мыс балқыту мен кен өндіру жоспарын орындамай келеді. Бұған себеп кен орнының кемшіліктері мен аудынның спецификалық жағдайында емес. Жезқазған кені Кеңестегі технологиялық сапасы жағынан ең үздік болды және болып қала береді.

Жұмысшылар кадры мәселесі өндіріске тұрғылықты тұрғындарды жұмылдыру нәтижесінде қазіргі кезде өзекті емес. 1935 жылдың 1 қаңтарындағы есеп бойынша 3930 жұмысшының 70-75 %-ын қазақтар құрайды. Бүгінде комбинаттың көкөніс өндіру мен мал шаруашылықтары бар. Комбинат техникалық жағынан барынша қамтылған. Олқылықтың себебі кадрлардың жеткіліксіз дайындығы мен орналастырылуында.

Дегенмен Қарсақпай комбинатының орасан зор саяси-шаруашылығы Орталық Қазақстандағы социалистік өнеркәсіптіктің алдыңғы шебінде әрқашан болады.

Қарсақпай комбинаты үлкен Жезқазған үшін кадрлар ошағы болды. Сонымен қатар ол үлкен Жезқазған үшін техникалық көрсеткіштері жоғары лаборатория болуы тиіс. Жалпы Қарсақпай зауыты өте қызықты кәсіпорын. Қарағанды мен Жезқазған арасын жалғаған темір жол тек 1938 жылдан бастап жұмыс істей бастады. Қарсақпай өзі тектес зауыттармен өзінің ішкі зауыттық тарсыздық темір жолы арқылы байланысты. Табиғат мыс балқыту зауытының қалыпты жұмысы үшін дұрыс жағдай жасады. Зауыттың жанармай базасы бар. Зауыттан Жусалы бекетіне қарай батыстан 60 километр жерде электростанция зауытына арналған жақсы отын бола алатын бай Байқоңырлық құба көмір кені орналасқан. Қарсақпайдан басқа жақта 60 километр төмен бай Жезқазған мыс кен орны орналасқан[4].

Қарсақпайдың ерекшелігі – оның керемет жергілікті кадрлары. Байқоңыр құба кені, Жезқазған кеніші зауыттарының көптеген жұмысшылары – өз тағдырларын зауыттарымен байланыстырып, Қарсақпайда он жылдан астам жұмыс істейтін адамдар. Қарсақпайды Қазақстан мыс өнеркәсібіндегі ұлттық кадрлер ұстаханасы деп атауға болады. Бұл– зауыт кадрлерінің жұмысшылары оқытушы болып табылатын өзіндік оқу комбинаты[5].

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Наша область. Караганда., 1939 г
2. Жезказган город меди., 1930 г.
3. Казахстанская правда., 1935.10 июня
4. Арқада туған алып. Әбілқасен Әмірәлин., А-1981 ж.
5. Академик К. И. Сатпаев: Из писем и заметок/Предисловие., Алматы: Атамұра, 1998. - 160 с.

Роль кафедры истории Казахстана и АНК КарГУ им. Е. А. Букетова в воспитании казахстанского патриотизма и реализации идей Патриотического акта «Мәңгілік Ел»

Елеуханова С. В. к.и.н., доцент

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова, г. Караганда,
eleuxanova62@mail.ru

Общенациональная патриотическая идея «Мәңгілік Ел», выдвинутая Президентом страны Н. А. Назарбаевым, стала базовым вектором развития Республики Казахстан. Так, в своём выступлении на внеочередном съезде партии «Нур Отан», состоявшемся 11 марта 2015 г., Елбасы отметил, что Мәңгілік Ел должна быть как вторая Конституция: «Консолидирующие ценности на базе «Мәңгілік Ел» – это гражданское равенство, трудолюбие, честность, культ учёности и образования, светская страна – страна